

**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА**

«Ортопедиялық стоматология пропедевтикасының» модулі

Ортопедиялық іс-әрекетке науқасты психотерапиялық дайындау

Тексерген: Алтынбеков К.Д.
Орындаған: Ташкенбаева Д.Қ.
Факультет: Стоматология
Курс:5
Топ:12-001-02

Жоспары:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1. Науқастардың стоматологқа келмеу себептері

2. Үрейлену,оның түрлері

3.Транквилизаторлардың түрлері

III.Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Стоматологиялық манипуляциялардан қорыққандықтан 5-10 % тұрғын дәрігер стоматологке келуден бас тартады. Стоматофобияның қазіргі таңда көптеген медико-психологиялық зерттеулердің тақырыбы болып отырғаны жасырын емес. Шартты түрде негізгі себептерін әлеуметтік –тұрмыстық және психологиялық деп екіге бөліп қарастырамыз.

Әлеуметтік –тұрмыстық жағдайлар:

- Қолының босамауы;
- Көпсатылы ортопедиялық қабылдау болғанда;
- Өз денсаулығына,тісіне бей жай қарауы;
- Ауыз қуысына күтім жасамағанда;
- Науқастың жалпы және санитарлық мәдениетінің жетіспеуі;

Психологиялық жағдайлар:

- Қорқу;
- Дәрігермен келіспеу;
- Үрейлену ;
- Стоматологиялық араласулар туралы басқа адамдардың әңгімелеуінен қорқу;
- Біліксіз дәрігерге тап болам ба деп қорқу;

- Науқаспен алғашқы кездесуден бастап дәрігер науқастың эмоциональды жағдайын анықтайды.
- Қабылдауды күтіп отырған немесе стоматологиялық креслода отырған науқастардың сыртқы вегетативті эмоцияларын бақылауға болады.

Үрейлену-дәрігер алдындағы және қабылдау кезіндегі мазасыздық жағдайы және анық емес, белгісіз қауіпті, ойдан шығарып алынған қатерді күту.

Клиникалық көрсеткіштер бойынша үрейдің көрініс табуының үш деңгейін бөліп қарастыруға болады: жеңіл, орташа және ауыр түрі.

Дәрігер-ортопедтің қабылдауындағы науқастағы үрей сезімінің бұл түрлерінің сипаты қазақстандық ғалым, м.ғ.к. Г.Ш. Исендосованың еңбегінде бар.



- **Жеңіл түрі** 84% науқастарда кездеседі. Сыртқы көрінісі сабырлы, арнайы мимикалық реакциялармен : аландаулы көзқараспен, сөйлегенде «діріл» бар, толқыныспен көрінеді.



- **Орташа түрі** 12 % науқастарда кездеседі. Визуальды түрде сыртқы ортадағы тітіркендіргіштерге тітіркеніп, тырысып отырады. Алақанда гипергидроз, тахикардия байқалады.



Ауыр түрі психомоторлы қозумен, көз қарашығының кеңеюімен, гипер немесе гипосаливация, тұншығу, бас айналу, ауыздың құрғауымен көрініс береді.

Сөйлеу жылдамдығы мен сөйлеу мәнері өзгеруі, көзқарасында мазасыздық байқалуы мүмкін. Шайнау бұлшықеттері түршігіп, мойын терісі мен кеуде тұстың жоғары бөлігі бөртіп, диффуздық түрге бірігіп кетуі мүмкін. Тіпті кейде “қаз терісі” байқалып, көмейдің шеміршегінің қозғалысы жиілейді.



- Дәрігер-стоматолог психотерапиялық тактикасын құру үшін науқастың эмоциональды жағдайына көңіл аудару керек. Стоматологиялық кабинет жағдайында ең көп таралған психотерапевтикалық аялауыш (щадящий) режим. Ол жайлы жабдықтар (уютная) және біріншілік науқаспен психологиялық әңгіме құру, оған барлық мән жайды айтуға мүмкіндік беру, күмәнін сейілту.



- Ортопедиялық емнің бастапқы сатысында мүсіндерді, муляждарды, жоспарлап отырған конструкцияның протездердің суретін көрсету өте пайдалы. Міндетті түрде протез жасалатын материалды талқылап, оған мінездеме беру керек



Ортопедтердің көп жағдайда жіберетін қателігі:

- Анестезиологиялық қорғанысты ескермеу;
(премедикация, анестезия)



Қазіргі таңда стоматологияда психоэмоциональды жағдайды төмендету үшін транквилизаторлар кеңінен қолданылады:

- Феназепам (0,0005-0,001 г)
- Диазепам (0,005-0,01 г)
- Препараттардың қызметін күшейту үшін:
- Галоперидол (0,00075-0,0015)
- Амитриптилин (0,006-0,0125) стимулятор
- Транквилизаторлардың жағымсыз әсерін болдырмау үшін:
- Психостимулятор (сиднокарб 0,00125 г)
- Ноотропты заттар (пирацетам 0,1-0,2 г)

Қорытынды

- Психотерапия науқасты арнайы протездеуге дайындауда, негізгі ортопедиялық процедураларды жүргізуде, адаптация кезеңінде тыныштандыратын психологиялық әсер көрсететін ажырамас бөлігі болуы тиіс. Қорыта келгенде әрбір стоматолог психолог бола білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❖ С.Р.Рузуддинов, А.А.Седунов, И.Ә.Құлманбетов, Ю.С.Лобанов-Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы
- ❖ www.google.kz

Назарларыңызға рахмет!